

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 5 қарашадағы N 340 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 13 шілде N 274. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 11 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1624. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 200 қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің салымшыларының (депозиторларының) - жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесі қатысушыларының мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесін бекіту туралы" V990984_ 1999 жылғы 5 қарашадағы N 340 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Ережеге өзгерістер мен толықтырулар және осы қаулы 2001 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 5 қарашадағы N 340 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден

өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 5 қарашадағы N 340 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі Басқармасының
2001 жылғы 13 шілдедегі N 274
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 5 қарашадағы N 340 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке
тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті
ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесіне
өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 5 қарашадағы N 340 V990984_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. К і р і с п е с і н д е г і :

"Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын

2 . 2 - т а р м а қ :

1) мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) осы Ереженің 19-тармағында көзделген жағдайларда осы Ережеге сәйкес қайтару жөніндегі міндеттемелерге кепілдік берілетін қатысушы-банк

салымдар (депозиттер) сомасы мөлшерінде Қорға аударатын банктің төлемі ақша
с о м а с ы ; " ;

2) 5) тармақшадағы "инвестициялық" деген сөз алынып тасталсын;

3) 7) т а р м а қ ш а :

"жарналары" деген сөзден кейін "еріксіз таратылатын қатысушы-банктің
Қордың талаптарын қанағаттандыру тәртібінде алынған банк төлемі, ақшасы"
деген сөздермен толықтырылсын;

"сондай-ақ Қор активтерін орналастырудан таза инвестициялық кірістің"
деген сөздер "сондай-ақ жарғылық және резервтік капиталға аударымдар
сомасына азайтылған Қордың таза кірісінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 3-тармақтың екінші азатжолындағы "Қор Басқармасының шешімі бойынша"
деген сөздер алынып тасталсын.

4 . 4 - т а р м а қ т ы ң :

б і р і н ш і а з а т ж о л ы н д а ғ ы :

"негізгі борыш" деген сөздер "салынған салым (депозит)" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"ол бойынша" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының ұлттық
валютасындағы салымдар бойынша Ұлттық Банктің қайта қаржыландырудың
ресми ставкасынан елу процент мөлшерінде есептелетін сома шегінде немесе
АҚШ долларындағы және еуроғағы салымдар бойынша салынған салым (депозит)
сомасын" деген сөздермен толықтырылсын;

соңғы азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"банктік салым шартын жасау күні сыйақы ставкасы Қордың Директорлар
кеңесі ұсынатын салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы ставкаларының шекті
көлемінен асатын салымдарға (депозиттерге).".

5. 6-тармақтағы "және қатысушы банктер" деген сөздер алынып тасталсын.

6. 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қордың қызметіне Директорлар кеңесі жалпы басшылық жасайды, ол жеті
адамнан тұрады. Қордың Директорлар кеңесінің құрамына Ұлттық Банктің төрт
өкілі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен және Қазақстан
Қаржыгерлері ассоциациясынан бір-бір өкіл және Қордың ағымдағы қызметіне
басшылық жасайтын және Ұлттық Банк тағайындайтын Қордың Бас Директоры
к і р е д і . " .

7. Ереженің барлық мәтіні бойынша "Басқармасы", "Басқармасының", "
Басқарма Төрағасының", "Басқарма Төрағасы" деген сөздер тиісінше "
Директорлар кеңесі", "Директорлар кеңесінің", "Бас Директорының", "Бас
Директоры" деген сөздермен ауыстырылсын.

8 . 1 2 - т а р м а қ т ы ң :

4) тармақшасы алынып тасталсын;

5) тармақшаның "Қордың салымшыдан (депозитордан) сатып алған талаптарын Қор осы банктің салымшыларына (депозиторларына) төлеген өтем мөлшерінде" деген сөздер "еріксіз таратылатын қатысушы банк ұсынған есеп айырысуға сәйкес ақша сомасы көлемінде өтем төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындауға байланысты" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. 13 - тармақтың :

1) тармақшасы алынып тасталсын;
мынадай редакциядағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:
"2-2) өзінің жылдық балансын, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепті қатысушы банктерге ұсынады және мерзімді басылымдарда жариялап отырады."

10. 14-тармақтың 3) тармақшасындағы "күшін жоюды" деген сөз "қайтарып алуды" деген сөзбен ауыстырылсын.

11. 16 - тармақ :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:
"1-1) осы Ережеге сәйкес банктің міндетті күнтізбелік және басқа да жарналары мен төлемдерін жасау тәртібі мен мерзімі туралы және осы Шарттың талаптарын орындамағаны үшін жауапкершілігі, оның ішінде Қордың банктің келісімінсіз оның банктік есепшоттарынан мерзімінде төленбеген күнтізбелік, басқа да жарналар және төлемдер сомасындағы ақшаны алуға құқығын көздейтін Қ о р м е н Ш а р т ж а с а у ; " ;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:
"4) осы Ереженің 19-тармағында көзделген жағдайларда алты ай ішінде кепілдік берілетін салымдарды (депозиттерді) қайтару жөніндегі міндеттемелерді дербес өтеуге немесе банктің салымдарды (депозиттерді) қайтару жөніндегі міндеттемелерді өтеу үшін қажетті сомада Қорға төлемдер жасауға;" ;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:
"5-1) осы Ережеге сәйкес банктік салым шартында жеке тұлғаның салымына (депозитіне) кепілдіктің болуы немесе болмауын міндетті түрде көрсетуге;" ;

7) тармақшадағы "осы Ережеге сәйкес қайтару жөніндегі міндеттемелерге кепілдік берілетін жеке тұлғалардан салымға (депозитке) ақша қабылдағанын растайтын мәліметтерді және құжаттың банк куәландырған көшірмелерін беруге" деген сөздер алынып тасталсын.

12. 19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Қатысушы банк мынадай жағдайларда:

1) барлық банк операцияларын жүргізуге лицензияны қайтарып алуды қоспағанда жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік есепшоттарын ашуға және жүргізуге қатысушы банктің лицензиясын қайтарып алған кезде;

2) қатысушы банкке қатысты Міндетті күнтізбелік, басқа да жарналар мен

банктің төлемдерін жасау тәртібі мен мерзімі туралы шартқа сәйкес Қордың мерзімінде төленбеген күнтізбелік және басқа да жарналары және банктің келісімінсіз оның банктік есепшоттарынан банк төлемдері сомасындағы ақшаны алу түрінде жүйелі түрде (он екі кейінгі күнтізбелік ай ішінде үш және одан да көп рет) шараларды қолданған кезде және осы Шарттың талаптарын орындамауына жауапкершілік болған кезде;

осы Ереженің 16-тармағының 4) тармақшасының талаптарын орындауға міндетті, осыдан кейін банк жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінен шығарылады және одан қатысушының куәлігі қайтарып алынады.

Сонымен бірге қатысушы банк жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінен шығарылады және қатысушы банктің заңды тұлға ретіндегі қызметі тоқтатылған жағдайда оның қатысушы куәлігі қайтарып алынады."

13. 21 - т а р м а қ т а ғ ы :

"үш жұмыс күні ішінде" деген сөздер алынып тасталсын;

"жиырма жұмыс күні ішінде - банкке қатысушының куәлігін беру туралы, үш жұмыс күні ішінде - қатысушы банкті шығару және қатысушының куәлігін қайтарып алу туралы" деген сөздермен толықтырылсын.

14. 26-тармақтың бірінші сөйлеміндегі "қатысушы банктердің" деген сөздер "қатысушы банктің" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. 29-тармақтың екінші азатжолындағы:

"жарналар" деген сөзден кейін ", банк төлемдері" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"Қор активтерін орналастырудан түскен инвестициялық табыстар" деген сөздер "жарғылық және резервтік капиталға аударымдар сомасына азайтылған Қор активтерін орналастырудан түскен таза табыс" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

16. 30-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"30-1. Жарғылық және резервтік капиталға аударымдар сомасына азайтылған Қор активтерін орналастырудан түскен таза табыс салымдар (депозиттер) бойынша өтем үшін резервке жатқызылады."

17. 31 - т а р м а қ т а ғ ы :

1) "салымдар (депозиттер) бойынша өтем үшін Қор қарыз алған ақша, сондай-ақ Қордың жарғылық капиталы есебінен төленген өтем ақшасының есебі" деген сөздер "салымдар (депозиттер) бойынша өтем ретінде Қор төлеген" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) "ықтиярсыз таратылған қатысушы банкке регрестік талаптарды" деген сөздер "таратылған қатысушы банк ұсынған есеп айырысуға сәйкес ақша сомасы

көлемінде өтем төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындауға байланысты Қордың болашақ талаптарын" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. 36-тармақтағы "үш" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын.

19. 37-тармақтағы "жеті" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын.

20. 38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Қор агенттік келісім негізінде мынадай өлшемдерге сәйкес болуы тиіс агент банк арқылы салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлейді:

банк жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы болуы тиіс;

банктің касса операцияларын жүргізуге лицензиясы болуы тиіс.

Агент банкті таңдаған кезде мыналар ескеріледі:

банктің агенттік келісімді жасаған күнге дейін алты ай ішінде пруденциалдық нормативтерді сақтауы;

салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлеу үшін қажетті орындарда филиалдардың және/немесе есеп айырысу-касса бөлімдерінің болуы;

банк Қор және қатысушы банктердің салымшыларына салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлеудің неғұрлым тиімді талаптарын ұсынады.

Өзге талаптардан басқа депозиттер бойынша Қор және агент банк арасында жасалатын өтем төлеуге арналған агенттік келісімде міндетті түрде агент банктің Қордың агент банкке салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлеуге аударған салымдар (депозиттер) бойынша өтем жасауға резерв ақшасын уақтылы және мақсатты пайдалануы жөніндегі міндеті болуы тиіс.

Қор агент банктің қызметіне сыйақы төлемейді."

21. 40-тармақтың бірінші азатжолындағы:

"үш" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі "нотариалдық куәландырылған" деген сөздер алынып тасталсын.

22. 41-тармақтың бірінші азатжолындағы:

"салымшымен Қордың төлеген өтемі бойынша талап ету құқығын беру туралы шарт жасайды және" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Егер өтем төлеген кезде комиссия шығыстарын төлеу көзделсе, олар агенттік келісімге сәйкес Қор есебінен төленеді."

23. 42-тармақтағы:

"Салымшыға (депозиторға) өтем төлеген кезде" деген сөздерден кейін "салым (депозит) бойынша өтеуге ұсынылған сомадан толық емес көлемде" деген сөздермен толықтырылсын;

"нотариалдық куәландырылған" деген сөздер алынып тасталсын;

"және талап ету құқығын беру шарты" деген сөздер алынып тасталсын.

24. 43-тармақтағы "және олардың нотариалдық куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ талап ету құқығын беру туралы шарттарды" деген сөздер "және олардың агент банк куәландырған көшірмелерін" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. Мынадай мазмұндағы 43-1-тармақпен толықтырылсын:

"43-1. Агент банк агенттік келісімнің барлық шарттарын орындаған кезде ол салымшыларға (депозиторларға) төленуі тиіс, бірақ олар талап етпеген ақшаны салымдар (депозиттер) бойынша өтем жасауға резервке есептеу үшін Қорға қ а й т а р а д ы . " .

2 6 . 4 4 - т а р м а қ т а ғ ы :

"Қордың регрестік талапты қанағаттандырғаны үшін" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

27. Мынадай мазмұндағы 44-1-тармақпен толықтырылсын:

"44-1. Қатысушы банктің тарату комиссиясының Қормен талаптарды қанағаттандыруы жөніндегі есеп айырысуы банктерді ықтиярсыз тарату мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Сонымен қатар Қордың салымдар (депозиттер) бойынша өтемді есептеуге сәйкес, ықтиярсыз таратылатын қатысушы банктен алған, бірақ Қордың нақты төлеген өтем сомасынан асатын ақша сомасы резервке салымдар (депозиттер) бойынша өтем үшін жіберіледі."

Төраға

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Шарипова М.Е.

